



Банктерге аффинирленген қымбат бағалы металдармен операция жүргізуге лицензия беру тәртібі туралы ереже жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 19 қыркүйектегі N 217 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтарда N 431 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 197 (V043034) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Жарлығын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің "Аффинирленген қымбат бағалы металдарға және асыл тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы" Заң күші бар 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2372 (1996 жылғы 3 шілдедегі өзгертулері және толықтырулармен) Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
қ а у л ы е т е д і :

1. Айтылған ескертпелер мен ұсыныстар ескеріле отырып, банктерге аффинирленген қымбат бағалы металдармен операция жүргізуге лицензия беру тәртібі туралы ереже бекітілсін және ол бекітілген күннен бастап күшіне е н г і з і л с і н .

2. Банктік қадағалау департаменті (Б.К.Жауғаштина) осы Қаулыны және банктерге аффинирленген қымбат бағалы металдармен операция жүргізуге лицензия беру тәртібі туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына жіберсін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларының бастықтары осы Қаулыны және банктерге аффинирленген қымбат бағалы металдармен операция жүргізуге лицензия беру тәртібі туралы ережені екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау банктік қадағалау департаментінің директоры Б.Қ.Жауғаштинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

1996 жылғы 19 қыркүйектегі
N 217 Қаулысымен бекітілген

**Банктерге аффинирленген қымбат бағалы
металдармен операция жүргізуге лицензия
беру тәртібі туралы**

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже қолданылып жүрген банк заңдарына, қымбат бағалы металдар мен асыл тастарға және лицензиялау мәселелеріне байланысты қатынастарды реттеп отыратын заң актілері мен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді. < * >

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен.

2. Уәкілетті банктер - осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген операцияларды жүргізуге лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер.

3. Осы Ережеде қолданылып жүрген банк заңдарында, қымбат бағалы металдар мен асыл тастарға және лицензиялау мәселелеріне байланысты қатынастарды реттеп отыратын заң актілерінде және нормативтік құқықтық актілерде айқындалған ұғымдар мен терминдер пайдаланылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен.

4. Заңды мекемелерге тиесілі аффинирленген қымбат бағалы металдар Мемқоймада не Ұлттық Банктің қоймаларында немесе уәкілетті банктерде, ал жеке адамдарға тиесілі - уәкілетті банктерде екі жақты шарттарда көзделген талаптар мен тәртіпке сай сақталады (қымбат бағалы металдар одан әрі ұстауға немесе өңдеуге жіберілуге тиісті жағдайлардан басқа кезде).

II. Аффинирленген қымбат бағалы металдармен операцияларды лицензиялау негіздері мен шарттары

5. Кез-келген банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіппен аффинирленген қымбат бағалы металдармен операциялар жүргізуге лицензия беру туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өтініш жасауға құқылы.<*>

Өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі керек:

а) банк өткізу қажет деп санайтын операцияларды жүзеге асыру қажеттігіне экономикалық негіздеме;

б) лицензияланатын операциялар жүргізу жүктелетін бөлімшелер туралы ереже, оған бөлімшенің құрылымы туралы, бөлімше қызметкерлерінің сандық құрамы мен кәсіптік әзірлігі туралы мәліметтер қоса беріледі;

в) тиісті органдардан осы Ереженің 10, 11, 12 және 13 тармақтарында

айтылған талаптардың орындалғанын растайтын құжаттардың көшірмелері.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

6. Уәкілетті банктерге аффинирленген қымбат бағалы металдармен байланысты операциялардың мынадай түрлерін жүргізуге лицензиялар берілуі
м ү м к і н :

а) аффинирленген бағалы металдарды ішкі (алғашқы сауда-саттыққа қатысу немесе қатыспау құқын қоса алғанда) және/немесе сыртқы рыноктарда сатып алу
ж ә н е с а т у ; < * >

б) аффинирленген қымбат бағалы металдарды депозитке қабылдау және
о р н а л а с т ы р у ; < * >

в) ұлттық және/немесе шетел валютасымен кредит берілген жағдайда аффинирленген қымбат бағалы металдарды кепілге қабылдау;<*>

г) клиенттерде қымбат бағалы металдармен операциялар жүргізуге уәкілетті органдардың лицензиясы болған жағдайда олардың металл шоттарын ашу және
ж ү р г і з у ; < * >

д) Қазақстан Республикасының банктерінде, шетел банктерінде және мамандандырылған ұйымдарда (компанияларда) банктердің корреспонденттік және басқа шоттарын ашу және аффинирленген қымбат бағалы металдарды
с а қ т а у .

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

7. Аффинирленген қымбат бағалы металдарды әкелуді және әкетуді уәкілетті банктер заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

8. Басқарманың 1996 жылғы 29 ақпандағы N 50 қаулысымен бекітілген Банк құруға, қайта құруға берілген рұқсатты, банк операцияларын және басқа банк қызметін жүргізуге берілген лицензияларды беру, қайтарып алу, олардың күшін жою және тоқтату, банк филиалдарын ашуға, қосуға және банк өкілдіктерін ашуға келісім беру, қайтарып алу ережелерінде (бұдан әрі - Ережелер) талаптарды сақтаумен бірге аффинирленген қымбат бағалы металдармен байланысты операцияларды жүргізуге лицензиялар алу үшін банктің 1,5 млн. АҚШ долларына тең болатын теңге сомасынан кем емес жарғылық капитал болуға және осы Ережеде белгіленген техникалық және кәсіптік талаптарды
о р ы н д а у ы т и і с . < * >

Банктің техникалық және біліктілік талаптарын орындауына байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі банкке аффинирленген қымбат бағалы металдарға байланысты операциялардың барлық немесе бірнеше түрін жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдайды.

Лицензия берілгені үшін алым төленеді, оны төлеудің мөлшері мен тәртібін

Қазақстан Республикасының заңдары белгілейді.<*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

III. Аффинирленген қымбат бағалы металдармен операциялар жүргізуге лицензия беру үшін қойылатын техникалық және кәсіптік талаптар

9. Банктің және оның қызметкерлерінің қойылып отырған техникалық және кәсіптік талаптарға сай келетіндігі туралы мәселені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік қадағалау департаменті қарайды.

10. Банктердің қымбат бағалы металдар қоймаларының (бұдан әрі - қоймалар) құрылысы мен атқарылуы, сондай-ақ олардың күзет, қауіп-қатер және өрт дабылдарының құралдарымен жабдықталуы Ұлттық Банк басқармасының 1995 жылғы 17 тамыздағы N 94 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің мекемелері мен екінші деңгейдегі банктер үйлеріндегі касса торабын жобалау мен құрудың техникалық талаптары туралы нұсқаулыққа сай болуға тиісті .

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы Мемлекеттік күзет қызметі департаментінің (МКҚД) және Мемлекеттік өрт қызметі Бас басқармасының (МӨҚББ) бөлімшелері тиісті дәрежедегі түгел тексеруден кейін қол қойған "Банктің құндылықтар қоймасының күзет, өрт және қауіп-қатер дабылын пайдалануға қабылдау актісі" қойманың техникалық беріктігін растайтын құжат болып табылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

11. Қоймалар күзет дабылдарының үш сатысымен жабдықталуға тиісті. Қоймалардың күзет, қауіп-қатер және өрт дабылдары міндетті түрде аудандық ішкі істер бөлімінің күзет бөлімінің орталықтанған бақылау орнымен байланысқан болуы керек .

Қоймаға кіретін есік ерекше төзімді етіп жасалып, дабыл жүйесімен ұштастырылған электронды құлып салынады. Дабыл жүйесі бойынша барлық ақпарат қоймаға кіретін жолды бақылап отыру үшін компьютермен байланыстырылуға тиіс .

12. Аффинирленген қымбат бағалы металдарды сақтау үшін қоймалар сейфтермен немесе арнайы жасалған отқа күймейтін шкафтармен жабдықталуға тиісті .

Қоймалардың сейфтері мен отқа күймейтін шкафтары ашуға рұқсат беретін коды бар арнайы құлыптармен жабдықталуы тиіс.

13. Уәкілетті банкте құндылықтардың қозғалысын және олармен жасалатын операцияларды мұқият есептеуді, сондай-ақ қоймалардың дабыл жүйесін

қамтамасыз ететін қажетті компьютер және басқа техника болуға тиісті.

Қолда бар коммуникация құралдарын белгіленген талаптарға сәйкес келуін анықтау үшін банк ақпарат қорғаудың бағдарламалық қамтамасыз етілуін, ұйымдық және техникалық шараларының, сондай-ақ аффинирленген қымбат бағалы металдармен жүргізілген операцияларды есепке алу және оларды бақылау үшін пайдаланылатын коммуникация құралдарының қысқаша сипаттамасын тапсыруға міндетті. < * >

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

14. Металл шоттарын ашумен және жүргізумен, аффинирленген қымбат бағалы металдарды сақтаумен, сатып алумен, сатумен, кепілге қабылдаумен, депозитке қабылдаумен және орналастырумен тікелей айналысатын банк бөлімшелері басшылары мен мамандарының атқаратын жұмысының түріне сай келетін жоғары немесе орта арнаулы білімі болуы керек.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті бөлімшелерінің өкілдері кіретін, Ережеге сәйкес құрылып, жұмыс істейтін аффинирленген қымбат бағалы металдармен операциялар жүргізуге банктің әзірлігін анықтау жөніндегі комиссия жоғарыда аталған қызметкерлер тобының қымбат бағалы металдардың әлемдік рыногының өзгерістерін, депозит операцияларын, СПОТ, СВОП, форвардық мәмілелер жүргізу шарттарын және Қазақстан Республикасының заңдарын, оның ішінде Ұлттық Банктің бағалы металдармен операцияларын және басқа қызметін реттеп отыратын нормативтік құқықтық актілерін қаншалықты білетінін айқындайды. < * >

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен .

IV. Қорытынды ережелер

15. Банк Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының 26-бабының 2-тармағында, Ережелерде және осы Ережеде белгіленген талаптардың кез-келгенін сақтамаған жағдайда аффинирленген қымбат бағалы металдармен операциялар жүргізуге лицензия беруден бастартылады .

16. Аффинирленген қымбат бағалы металдармен операциялар жүргізуге берілген лицензияны тоқтату не күшін жою тәртібі, сондай-ақ шарттары мен негіздемелері Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының 48-бабында және осы Ережелерде айқындалған.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ұлттық Банкінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК